



010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

20\_\_ жылғы “\_\_\_\_\_” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы**  
**Ақпарат және қоғамдық**  
**даму министрі**  
**Д. Ә. Абаевқа**

2019 жылғы 15 мамырда  
жарияланды

**Депутаттық сауал**  
**Құрметті Дәурен Әскербекұлы!**

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруды ақпараттық қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар аз емес. Алайда, айрықша назар аударып, талқылауды және тиісті шешімдер қабылдауды қажет ететін өзекті мәселелер де бар.

Осы орайда Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы: «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу», - деген қағидалы сөзінеліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарының, әсіресе телеарналардың басшылары мен журналистерінің бәрі бірдей жете ұғынып, одан тиісті қорытынды шығарып отырған жоқ. Ал таралымдары жылдан-жылға азайып бара жатқан газет-журналдар мен қолжетімділігі әлі мардымсыз Интернеттегі әлеуметтік желілерге қарағанда, телеарналар елді мекендерді қамту бойынша ең қуатты бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады.

Өкінішке қарай, кейбір телеарналарда ұлттық құндылықтарымызды насихаттамақ түгіл, оларды өрескел бұрмалайтын, тіпті нешетүрлі азғындықты ашық дәріптейтін телеөнімдерді көрсету тыйылмай тұр. Бұған Парламент Мәжілісіне келіп түсіп жатқан хаттар, республикалық газеттерде және әлеуметтік желілерде жазылып жүрген сыни пікірлер айғақ.

Мәселен, жуырда Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінен мемлекеттік тапсырыс алып отырған «7 арна» телеарнасындағы «Өз ойым» бағдарламасында

өз абыройын ақшаға сататындығын жариялаған қазақ қызының шектен шыққан ұятсыз қылығы және оны осындай «рөлді ойнауға» үгіттеп көндірген телеарна қызметкерлерінің «атын шығару үшін жер өртеуге дейін баратын» теріс пиғылы жұртшылықтың орынды ашу-ызасын туғызды.

Бұдан бөлек, Елбасы ұсынған «Туған жер» және «Ауыл – ел бесігі» бағдарламаларын және басқа мемлекеттік бағдарламаларды мемлекеттік телеарналарда насихаттау да жеткілікті деп айту қиын. «Хабар» телеарнасында ауылды көркейтуге және ауыл шаруашылығын өркендетуге арналған бірде-бір тақырыптық бағдарлама жоқ. «Қазақстан» ұлттық телеарнасында «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» акционерлік қоғамының демеушілігімен шығарылып келген «АгроҚазақстан» бағдарламасы қазір тоқтатылған болып шықты. Аталған қордың басшылығы мемлекеттік телеарналар ауыл тұрғындарына ауадай қажет мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау үшін ақы төлеуді сұрайтындығына шағынды («Қазақстан дәуірі» газеті, 28 ақпан, 2019 жыл).

Осы орайда республикалық бюджеттен мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге бөлінген қаржы жылдан-жылға көбейтіліп отырғандығын ескерсек (мысалы, 2018 жылға 46 587 380 мың теңге, 2019 жылға 49 481 700 мың теңге бөлінген), оның тиімділігі қандай деген сұрақ туындайды.

Жоғарыда баяндалған жайлардың негізінде Сіздің қарауыңызға мынадай ұсыныстарды енгіземіз:

1. Елбасы ұсынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық қамтамасыз етудің өзекті мәселелерін республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары басшыларының және қызметкерлерінің қатысуымен кеңінен талқылауды ұйымдастырған жөн. Соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық құндылықтарды, салт-дәстүрлерді, қазақстандық қоғамда қалыптасқан адамгершілік принциптерін қатаң қадағалауды ұсыну керек. Қажеттігіне қарай, қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылсын;

2. Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде «Қазақстан» және «Хабар» мемлекеттік телеарналарында Елбасы ұсынған «Туған жер» және «Ауыл – ел бесігі» жобаларын кеңінен насихаттауға арналған тақырыптық бағдарламалар ашу мәселесін қарастырған жөн;

3. Мемлекеттік ақпараттық тапсырма шеңберінде «Қазақстан» және «Хабар» мемлекеттік телеарналарында және мемлекеттік ақпараттық тапсырысты орындайтын өңірлік телеарналарда ауылдық жерлерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, жұмыс күші артық өңірлердің тұрғындарын жұмыс күші тапшы өңірлерге қоныс аудару, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы реформалар сияқты өзекті мәселелер бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, салалық ведомстволардың басшылары мен жауапты қызметкерлерінің қатысуымен интерактивті бағдарламаларды жүйелі ұйымдастыру қажет.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен,  
депутаттар, «Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері

**К. Мұсырман**  
**О. Өксікбаев**  
**Ә. Бектұрғанов**  
**Ф. Қаратаев**

*А.Канафина*  
74-62-21  
*Kanafina@parlam.kz*